

**2023-2024-оқу жылы бойынша  
«Жеті қазына» жаратылыстану  
әдістемелік бірлестігінің  
өткізілген іс-шарлары және  
жетістіктері бойынша  
І жарты жылдық есебі.**



## **ӘБ әдістемелік тақырыбы:**

**Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін қолдану негізінде оқушылардың білім сапасын көтеру**

**Мақсаты:**

**Оқу-тәрбие процесінде жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы:**

- Мұғалімдердің ғылыми - әдістемелік, шығармашылық ізденімпаздығын арттыру;
- Оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін дамыту, шығармашылық іс-әрекеттерге жетелеу.

# «Жеті қазына» жаратылыстану әдістемелік бірлестігінің сапалық құрамы

р/с	Ұстаздардың аты- жөні	Білімі	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Қай пәннен көтереді	Еңбек өтілі	Пед шеберлігі
1	Токбергенова Айгерим Кайроллаевна	Жоғары	Биология химия пәні мұғалімі	Химия	химия	22 жыл	Педагог -сарапшы
2	Аскар Ерлан	Жоғары	География пәні мұғалімі	География	География	30 жыл	Педагог- зерттеуші
3	Жақсыбаев Н.К.	Жоғары	Тарих пәні мұғалімі	Тарих	Тарих	27 жыл	Педагог -зерттеуші
4	Шаяхметова Гүльзат Тұрлыбаевна	Жоғары	Биология химия пәні мұғалімі	Биология	Биология	38 жыл	Педагог-зерттеуші
5	Алкенова Нурсулу Амандыковна	Жоғары	Биология химия пәні мұғалімі	Биология	Биология	17 жыл	Педагог-сарапшы
6	Жилгельдина Бидаш Сабыржановна	Жоғары	Тарих пәні мұғалімі	Тарих	Тарих	32 жыл	Педагог – модератор
7	Кашкинбаев Кенжегали Нуркеевич	Жоғары	Тарих пәні мұғалімі	Тарих	Тарих	28 жыл	Педагог- модератор

# 2023-2024 оқу жылының

## I жарты жылдығы бойынша жетістіктер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Аудандық		Облыстық		Республикалық		Халықаралық	
		мұғалім	оқушы	мұғалім	оқушы	мұғалім	оқушы	мұғалім	оқушы
1	Асқар Ерлан		Ұлттық география олимпиадасының аудандық кезеңі 1 орын Мадақтама -2023 №3223 Егеубай Бердібек аудандық олимпиада география пәнінен -3 орын Қайырбек Айымгүл аудандық олимпиада география пәнінен-2 орын		География пәнінен Ұлттық олимпиадасына қатысқаны үшін сертификат Уатхан Нұр-Әлі-2023 №292				
2	Жақсыбаев Нұрлан Қошқарбаевич				Облыстық дебат Айтқұл Диана, Қайырбек Айымгүл сертификат				
3	Шаяхметова Гүлзат Тұрлыбаевна		Сейілбек Іңкәр аудандық олимпиада биология пәнінен 1 орын						
4.	Токбергенова Айгерим Кайроллаевна		Ардагер Айым аудандық олимпиада химия пәнінен -3 орын						


## **27.11-01.12 .23 күндері аралығында география апталығы бойынша өткізілген іс- шаралар қорытындысы**

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің Атбасар қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

27.11-01.12.23 күндері аралығында «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» география пәнінің апталығы болып өтті..

28.11.23 күні апталықтың ашылуы салтанатына география пәнінің мұғалімі Асқар Е. 7-8 сыныптар арасында «География әлеміне саяхат» сайысын жауаптанып өткізді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің Атбасар қаласы № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ география апталығының жоспарына сай 30 қараша күні география пәнінің мұғалімі Ерлан Асқар 10 А сыныбында «Ғаламдық экологиялық проблемалар» тақырыбында ашық сабақ өткізді. «Ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру» мақсатында өткен ашық сабақтың «Қызығушылықты ояту» кезеңінде «Кездейсоқ дөңгелек» ойыны арқылы топқа бөліп, өткен сабақ қайталанды. Проблемалық сұрақ арқылы сабақ тақырыбы ашылып «Білу қажет» стенді негізінде топтық, жұптық жұмыстар жүргізіліп, «Елімізде шешімін таппаған ғаламдық экологиялық мәселелер» бойынша жеке жұмыс карта арқылы түсіндірілді, «3-2-1» негізінде кері байланыс берілді. Оқушылар белсенді қатысып, сабақ жоғары деңгейде өтті.



01.12.23 күні география апталығының жабылуы «Туған өлке- тұғырым» атты сыныптан тыс шарасымен өз мәресіне жетті.«Туған жер – адамның жүрек түкпірінен орын алатын қасиетті ұғым. Кіндік кескен жерің – аяулы анаң, оған деген құрмет ерекше болу керек. Анасынан алшақ кеткен бала не істейді? Сағынады, аялы алақанын аңсайды, оралуға талпынады. Оның өзіне сіңірген еңбегін бағалайды, перзенттік парызын сезінеді. Туған жерің де дәл сол сияқты. «Туған өлке – тұғырым» атты сыныптан тыс шарасы оқушылардың туған жерге, өлкеге деген сүйіспеншілік, туған жеріңді жүреппен сүю, оның көркеюіне еңбегіңмен үлес қосу мақсатында 8-сынып оқушылары буклеттер жасады, сұрақтарға жауап беру, тақырыпқа сай өнерлерін көрсетуден сайысқа түсті. Әділ қазылар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Смагулова мен пән бойынша бірлестік жетекшісі А.Тоқбергенова 1-орынға 8 «Б» сыныбын лайық деп санады. Жүлделі орын иеленген сыныптарға мадақтамалар мен тәтті сыйлықтар табысталды.





## II жарты жылдыққа ұсыныстар мен мақсат міндеттер:

- Сабақ беретін барлық сыныптарға топтық жұмысты жандандыру;
- Оқушылармен қосымша жұмыстарын күшейту;
- Оқушылардың зерттеушілік, ізденімпаздық қабілеттерін дамытуға байланысты шығармашылық тапсырмалар беру;
- Әріптестер арасында өзара тәжірибе алмасу;  
ғылыми жоба әзірлеуге оқушыларды дайындау.
- Педагог-зерттеуші мұғалімдердің авторлық бағдарламаларын қорғау.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ !!!**